

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде

2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перенективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Балбөбек» бөбекжай-бақшасы МКҚК

Топ: «Балапан» кіші жас тобы

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: желтоқсан айы, 2022-2023 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Дене шынықтыру	<p>- негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе-теңдік сақтау;</p> <p>- жалпы дамытушы жаттығуларды, ұлттық қимылды, саусақпен ойналатын ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту;</p> <p>- салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру және құрдастарымен бірлесіп әрекет етуге дайындау.</p> <p>Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Тура жолмен, сызықтармен шектелген (ені 20-25 сантиметр, ұзындығы 2-2,5 метр) жіптің бойымен, гимнастикалық сәлемейданың үстімен жүру, заттарға шығу (гимнастикалық сәлемейкаға, жұмсақ модульге); тұру, қолдарын жоғары көтеру, түсу; заттардан (биіктігі 10-15 сантиметр); құрсаудан құрсауға аттан өту; тақтадың үстімен 20 сантиметр арақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден (ленталардан, текшелерден және тағы басқа) аттан жүру, орнында бау айналу.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар.</p> <p>Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Жанында тұрған (отырған) адамға қолыңдығы заттарды беріп, оңға-солға бұрылу.</p> <p>Қимылды ойындар.</p> <p>Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарпайым қимылды</p>

	<p>ойындар ойнауға моталаңдыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарайыым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қолы сияқты секіру, аяқ сияқты қорбаңдан жүру).</p> <p>Спорттық жетістіктер.</p> <p>Шанмен сырғанау: шанаға отырып, төбешіктен сырғанауға, шананы жөбінен сүйретуге, ойыншықтарды шанмен сырғанауға үйрету.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі.</p> <p>Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.</p> <p>Жеке заттарды қалдану (нал орамал, майлық, орамал, тарак, түбек) киіміндегі оқшақтық байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафта немесе орындамаға ұқыпты бүктеп қояу.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</p> <p>Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың тазы ауада болу ұластығын қамтамасыз ету.</p>
--	--

Сөйлеуді дамыту	<ul style="list-style-type: none"> - көрнекілікке сүйенбей айналасындағылардың сөзін түсіну қабілетін дамыту; - дыбыстарды дұрыс айтуды дамыту; - пассивті және белсенді сөздік қорды байыту; - түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту. <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету. Артикуляциялық және дауыс аппаратының сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету.</p> <p>Сөздік қорды қалыптастыру. Балалардың сөздік қорын: киім, аяқ киім заттарын білдіретін зат есімдермен;</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру. Сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік) үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрлым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету.</p>
Көркем әдебиет	<ul style="list-style-type: none"> - коллегімізді халық ауыз әдебиеті, көркем әдебиет шығармаларына, театр әлеміне баулу; - кітаптарға қызығушылықты дамыту; - түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы балалардың ауызша және байланыстырып сөйлеуін дамыту. <p>Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау.</p>

	Сенсорика	<ul style="list-style-type: none"> - қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру; - түрлі сенсорлық әсерлермен байланысу; - қарнаған ортада бірлесіп әрекет етулі дамыту; - түрлі балалар әрекеттерінде көз бен елестік үйлесімділігін, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту; - заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу. <p>Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін бірлесіп заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды легігі түсі, неғұрлым ұсақ қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.</p>
	Қоршаған ортамен таныстыру	<ul style="list-style-type: none"> - қарым-қатынас барысында бір-бірін атын атауға, достарының аттарын есте сақтауға баулу; - аты мен жынысына сәйкес өзін-өзі танытуға баулу; - өзгелерге құрметпен қарауға тәрбиелеу; - отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру; - әртүрлі өмірлік және ойын жағдайларында баланың әлеуметтік қатынастар жүйесіне енуі негізінде әлеуметтік тәжірибесін, және қасиеттерін қалыптастыру; - табиғат құбылыстарына қызығушылықты ояту; - өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға, олардың әсемдігін байқауға үйрету; - табиғаттағы қауіпсіз мінез-құлудың қарапайым ережелерімен таныстыру (бейтаныс жануарларға жақындамау, оларды сипамау, өсімдіктерді аузына алмау және жұдырау). - құрдастарымен және ересектермен өзара әрекет ету және бірлескен ойындарға қатысу үшін жағдайлар жасау. <p>Бала, оның отбасы, үйі. Өзіннің өсімін және жасын атау, үйін және пәтерін таныу, отбасы мүшелерінің аттарын атау. Заттық әлем.</p>

		<p>Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты аятқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою) орындауға баулу.</p> <p>Көлік. Көше туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.</p> <p>Еңбекке баулу. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиелінің көмекшісі ыдым жууды, тамақ әкелуді, сүзгілерді ауыстыруды) үйрету.</p> <p>Адамгершілік тәрбиесі. Доректілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру; басқа балдырмен бірге, белісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу.</p> <p>Табиғат әлемі. Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру: қар, жаңбыр, жел.</p>
Құрастыру		<p>- заттар туралы түсініктерді, бейнелеу және құрастыру әрекеттерін нақтылау үшін нөру және сипап-сөзу (тактильді) зерттеу әдістерін қалыптастыру;</p> <p>- құрылыс материалдарынан құрастыруға баулу.</p> <p>Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру.</p>
Сурет салу		<p>- бейнелеу өнеріне шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру.</p> <p>Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру.</p>

	Мүсіндеу	<p>- материалға ұқыпты қарауға, оны дұрыс қолдану білуге үйрету.</p> <p>Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кәсіктерді үзген бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сабалшықты өндірінен алу) үйрету.</p>
	Жапсыру	<p>- желімсіз жапсыру техникасын игеру.</p> <p>Фланселеграфта үйзерді орналастыру.</p>
	Музыка	<p>- музыкаға, ән айтуға, қарапайым аспаптарда ойнауға шығармашылық қызығушылықты қалыптастыру.</p> <p>- балаларды музыкалық шығармашылыққа, әсемдікті сезінуге тәрбиелеу;</p> <p>- көркемдік қабылдаулы дамыту, балаларды бейнесу өнерінің шығармаларын түсінуге, музыка мен әнді қабылдауға баулу.</p> <p>Музыкаға деген қызығушылықты ояту, музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулу.</p> <p>Музыка тыңдау.</p> <p>Әннің мағынасын түсіну, қосырмалардың жоғары және төмен дыбысталуын танып білу.</p> <p>Ән айту.</p> <p>Әнді жекпе және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</p> <p>Қарапайым би қимылдарын орындау: шапалақтау және аяқты тәрсімдеу.</p>